

Таллий-201 изотопы бар препарат жүректі, галлий-67 - жұмсақ тіндердегі онкологиялық ауруларды, Технеций-99m - миды, жүрек-тамыр жүйесін, бүйректі, бауырды, сүйек жүйесін зерттеу үшін қолданылады. Медициналық мекемелер пациенттерге ғана емес, сонымен қатар медициналық томографтарды орнатуға да изотоптарға тапсырыс береді. Изотоп ағзаға екі жолмен енуі мүмкін: көктамыр ішіне немесе адам ерітінді ішкен кезде. Изотоп отырғызылған молекулаға байланысты ол белгілі бір органға - жүрекке, миға, бүйрекке, бауырға түседі. Томографтардың көмегімен ол денеде қай жерде және қандай жылдамдықпен жиналып, содан кейін препарат жойылады. Препараттың ағзадан жинақталу және шығарылу сипатына сүйене отырып, дәрігер белгілі бір жүйенің жұмысы туралы қорытынды жасайды. Оның тіпті сынуды емес, тек жасушалық деңгейде органның бұзылуына дайындықты көрудің ерекше мүмкіндігі бар. Мысалы, дәрігер сол жақ бүйректің жақсы жұмыс істейтінін және оң жақ диаграммада уақыт өте келе төмендеп, созылғанын көре алады. Сауатты дәрігер үшін бұл маңызды ақпарат: науқаста ештеңе жоқ, ультрадыбыстық ауытқулар көрсетілмеген. Яғни, бұл зерттеу болмаса, дәрігер бүйрекпен бәрі жақсы деп шешеді. Ядролық медицинаның арқасында дәрігер бастапқы кезеңде органның істен шығу себебін іздей бастайды.

Бұл саланың дамуына "Радиофобия" кедергі болып отырған жағдайлардың бірі, яғни кейбір адамдар радио-префиксі бар препараттарды қолдану арқылы жүргізілетін зерттеулерден бас тартады. Ядролық медицина денсаулыққа мүлдем қауіпсіз-препарат толығымен шығарылады. Бұл жыл сайын флюорография жасаудан, тауға көтерілуден немесе табиғи сәулеленудің ауыр дозасын алған кезде ұшақпен демалысқа ұшудан әлдеқайда қауіпсіз. Егер сіз саусақтарыңызды розеткаға салсаңыз, онда сіз ток соғасыз. Бірақ бұл электр қуатынан бас тартуға себеп емес, сол себептен ақпараттың жетіспеушілігі қорқыныш тудырғанымен, жаңа заман технологияларына назар аударған да жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 https://www.iaea.org/sites/default/files/gc/gc61inf-8_rus.pdf
- 2 <http://www.atominfo.ru/>
- 3 https://aif-ru.turbopages.org/aif.ru/s/politics/world/atomnoe_sotrudnichestvo_dlya_chego_rossii_yadernyy_obekt_v_bolivi
- 4 <https://docs.yandex.kz/docs/view?tm=1726985024&tld=kz&lang=ru&nam>
- 5 <https://www.atomic-energy.ru/smi/2012/03/19/31926?ysclid=m1d6e1qlya151423251>

ӘОЖ 910:908(574.3)

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕР СУ АТАУЛАРЫНЫҢ КЕЗЕҢДІК ҚАЛЫПТАСУЫМЕН ТАРИХИ ТУЫНДАУ СЕБЕПТЕРІ

Тоқташ Е.М., Кожакметова Л.Т., Досмахов.С.М.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

Мақалада еліміздің жекелеген өңірлеріндегі оның ішінде Орталық Қазақстандағы жер су атауларының кезеңдік қалыптасуымен тарихи туындау себептері, географиялық атаулардың шығу тегімен қалыптасуы және оларды жан-жақты зерттеудің ғылыми, саяси және іс-тәжірибелік мәні бар

маңызды мәселелер қамтылады. Географиялық атауларда қоғамдық құрылыстың, мемлекеттің ұлттық саясатындағы өзгерістер көрсетіліп, географиялық зерттеулер мен ашылулардың маңызы айқындалынады. Географиялық атаулар географияның міндетті бір құрамдас бөлігі, олар кеңістіктегі заттар мен құбылыстардың географиялық заңдылықтарын, нысандардың географиялық орнын анықтауда және оларды салыстыруда кең түрде пайдаланылады.

Атаулардың мағынасын түсіну мақсатында жергілікті географиялық терминдермен жұмыс жасаудың маңызы зор. Сондықтан жұмыста өлкетану материалдары негізінде жергілікті жердің топонимдері, ойконимдері, гидронимдері, оронимдері және т.б. зерттелінді. Терминдермен жұмыс жасай отырып, оларға ғылыми әдістемелік тұрғыдан сипаттама жасалынды және ғылыми баға берілді. Жұмыстың мақсаты осы үрдістерге кезеңдік және қазіргі даму тенденцияларын ашып көрсету болып табылады.

Кілт сөздер: Топонимика, өлкетану, ойконим, гидроним, географиялық термин, жер-су атаулары, ороним.

The article covers the reasons for the historical emergence of periodic formation of land names in certain regions of the country, including in central Kazakhstan, the formation of Geographical Names with their origin and the most important issues of scientific, political and practical significance of their comprehensive study. Geographical names reflect changes in the social structure, national policy of the state, and emphasize the importance of geographical research and discoveries. Geographical names are one of the mandatory components of geography, they are widely used in determining the geographical laws of objects and phenomena in space, the geographical location of objects and their comparison.

It is important to work with local geographical terms in order to understand the meaning of names. Therefore, in the work, on the basis of local history materials, toponyms, oikonoms, hydronyms, oronyms, etc. were studied. Working with the terms, they were characterized from a scientific methodological point of view and given a scientific assessment. The purpose of the work is to reveal the trends of periodic and current development of these trends.

Keywords: toponymy, local history, oikonym, hydronym, geographical term, place and water names, oronym.

Топонимдердің қалыптасуында халықтық географиялық терминдердің маңызы ерекше, олар географиялық атаулардың күрделі құрамдас бөлігі бола отырып, табиғи географиялық жағдайды шын суреттейтін топонимдердің мазмұны мен маңызын толық ашып көрсетуге мүмкіндік жасайды. Э.М. Мурзаев атап көрсеткендей «Этимологиялық зерттеулерде жергілікті термин маңызды құрал» демекші географтарға, тарихшыларға, филологтарға, лингвистерге хабарламалық желі және күрделі міндеттерді шешуге толық көмектеседі. Қазақ топонимдерінде табиғат жағдайларын бейнелеудің өзіндік дәстүрлі заңдылықтары бар. Қазақ географиялық терминологиясында жер бедерін сипаттау аса көп және бір-біріне ұқсамайды.

Қандай да болсын физикалық-географиялық кешеннің белгілі уақыт аралығы және кеңістікте біртұтас табиғи құрылым болып қалыптасуы оның географиялық компоненттерінің өзара байланыс сипатымен айқындалады. Әсіресе, таулы аймақ ландшафтарының күрделілігі сол жердің

географиялық орны, ендік, зоналылық, мұхиттардан шалғай жатуы, абсолюттік биіктік, беткейлер қиялылығы, т.б факторларға тәуелді болады. Географиялық компоненттердің бір-бірімен тығыз байланыстылығын және олардың күрделі материалдық кешендер мен жүйелер құруын олардың кеңістікке бір жерден екінші жерге ауысып отыруын байқауға болады. Мысалы, қандай да болсын климат өзгерісі міндетті түрде топырақ, өсімдік тіпті жер бедерінің өзгеруіне ықпал етеді. Дегенмен жекеленген компоненттердің арасындағы өзгеріс бірден тез бола қоймайды, олардың өзгеруі үшін бірталай уақыт керек. Жер-су атауларының пайда болуы мен қалыптасуына аймақтың географиялық орналасуы мен жер бедері тікелей әсер етеді. Мұны топонимика ғылымында жер-су атауларының географиялық принцип арқылы қалыптасуы деп аталады [1, б. 260 б].

Жер аумағы бойынша әлемде тоғызыншы орынды иеленетін Қазақстан төрт негізгі табиғат зонасына бөлінген: орманды дала, дала, шөлейт және шөлді аймақ. Одан бөлек, орманды дала аймағы, жартылай шөлейтті аймақ, тау алды жазық, таулы дала белдеуі, шалғынды белдеу, субальпілік белдеу сынды субаймақтар бар. Сонымен зерттелініп отырған өңірдің ұзақ қалыптасу тарихы бар яғни географиялық жер су атауларында жер бедерінің, сипаты өте нақты бейнеленген деуге болады. Бұл күрделі мәселелер өте ауқымды арнайы зерттеулерді қажет етеді. Аталмыш аймақтарға байланысты жер-су атауларына негіз болған терминдер мен ұғымдарды бөліп қарастырсақ болады.

Орталық Қазақстан аймағы территориясының жер бедері әр түрлілігімен ерекшеленеді, мұнда таулар мен ойпаттар, жазықтар кезектесіп кездесіп отырады. Аймақтың 28% топонимі осы атауларға сай келеді. Қарағанды облысының солтүстік-батыс бөлігінің үлкен территориясын алып жатқан жазықты төбелі, биіктігі биік емес 200 -300 м болатын Торғай үстіртінің қиыр-шығыс беткейлері оның батыс бөлігін биіктігі 150-200 метр болатын Торғай өңірі деп аталатын аккумулятивті жазықтық алады. Аймақтың оңтүстік - батыс бөлігінің аздаған жері 100 метр және одан да төмен биіктіктегі Тұран ойпатымен шектеседі, аймақтың қалған шығыс, орталық бөліктері Сарыарқаға кіреді.

Жер бедері ерекшеліктері мен ландшафтарды анықтауда қазақ халқының көшпенді сипаты белгілі жүйеде ықпал етті. Табиғат жағдайларының ерекшеліктерін жетік білген қазақтар жайылымдарға орографиялық, гидрографиялық нысандарға ат қою принципі арқылы географиялық кеңістікті игеруді іске асырды. Қазақ топонимдерінде табиғат жағдайларын бейнелеудің өзіндік дәстүрлі даму заңдылықтары бар екендігі нақты деректер арқылы дәлелденді. Қазақ халқының көшпелі өмірі, әдет ғұрпы, мәдени, материалдық ерекше белгілерін айқындататын географиялық жер су атаулары Қазақстанның топонимдер топтамасында айтарлықтай орын алады.

Халықтық географиялық терминдер-табиғи ортаның ерекшелігін сипаттайтын түсініктер және атаулармен беріледі. Олар қандайда бір территорияны мекендейтін адамдардың тіршілік ету жағдайлары мен шаруашылық іс-әрекетінің өзіне тән ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Мұндай терминдердің өзіндік үлесі әсіресе түрік және монғол терминологиясында көптеп кездеседі.

Біз қарастырып отырған Орталық Қазақстан аймағының топонимиясының қалыптасуында халықтық терминологияның әсері тек қана табиғат жағдайларының ерекшеліктерін ғана көрсетіп

қоймай сонымен бірге, көшпелі халықтың тұрмыс тіршілігін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін халықтың болмысын, шаруашылық жүргізу түрлерінде қамтиды. Қазақтардың көшпелі өмір сүру жағдайы өзі өмір сүретін аймақтағы табиғат жағдайларының ерекшеліктеріне бақылау жасай отырып, сол жерлерді шаруашылық жүргізудегі маңыздылығын да осы атаулармен сипаттай білген. Мысалы: Сорлы, Көкпекті, Шуақты, Күнгей, Теріскей, Жусалы, Түкөде, Желтау, Шұбарлы, Қарақой, Милыбұлақ, Қараой, Майбұлақ және т.б. (Ақтоғай ауданы). Қазақтарды өмірдің өзі жайылымдық жерлерді пайдаланудың қыр-сырларымен, сол жердің жер бедері ерекшеліктерінің ұсақ элементтеріне дейін жетік білуі-бұл көшіп-қоным жағдайында малдарды ауа-райының қолайсыз жағдайларынан қалай қорғау керектігіне бағыт-бағдар жасай білуге үйрете білді [2, б.184].

Ұсақ шоқылы жер бедерімен сипатталатын Сарыарқада салыстырмалы түрде биік тауларды «ұлы», «соран», «қарқара» деп ерекшелейді. Орташа және биік таулардың шыңдары «тас», «шоқы», «қия», «мұрын» сияқты терминдермен белгіленеді. Мәселен: Қарағанды облысының Ақтоғай ауданындағы кейбір елді мекендердің атаулары Шаңырақтас, Керегетас, Тастар, Қарақия, Құсмұрын, Қосмұрын, Қарашоқы, Қушоқы, Ақшоқы, Жалғызшоқы, Жетімшоқы, Сарышоқы және т.б. деп бейнеленеді. «Ұлытау» атауының этимологиясы жөнінде мынадай деректер бар: XX ғасырдың басындағы орыс зерттеушісі В.И. Масальский еңбектерінде қазақ даласындағы барлық таулардан биіктігі асып түсетіндіктен осылай қойылған деген деректер бар. Дегенмен Ұлытау (биік нүктесі 1133м) Сарыарқаның батыс бөлігіндегі ең биік тау болғанымен, Қазақстандағы басқа таулы аудандар үшін аласа таулар қатарына жатады. Оның Ұлытау аталуы тарихи негізде яғни қазақ ұлтының барлық өңірлеріндегі халықтардың біріңғай бір шаңырақтың астына бірігіп, бас қосып топтасуларына сәйкес қалыптасқан Хан Ордасы болуынан болса керек.

«Қазақстандағы ең ірі орографиялық нысанның бірі Сарыарқа атауының құрамында «Арқа» терминінің кездесуі, халық бұл жерді ежелден «Арқа» деп атауы зерттеушілер тарапынан қызығушылық тудырған. Құрбанғали Халид Арқа атауының шығу тегі жөнінде былай дейді. «Арқа» - деп жануарлар мүшесінің омыртқамен бірігіп жатқан жоғары бөлігін атайды, сондай-ақ жердің жоғарғы жерінде қазақтар «арқа» деп түсініктемелік сипаттама берген. Шындығында да, «арқа» терминіне қатысты әр түрлі пікірлерді кездестіруге болады. Солтүстік қырғыздар диалектісінде арқа «солтүстік» деген мағына берсе, оңтүстік қазақтары «ту сыртында тұр» немесе «арқасында тұр» деген тіркеспен алмастыру жиі кездеседі. Монғол тілінде «ар» термині солтүстік деген мағынаны білдіреді. Осы деректердің негізінде арқаның «солтүстік жақ» деген ұғымға ие болуын түркі-монғол халықтарындағы оңтүстікке қарап бағдарлаудың салдары деп қорытынды жасауға болады. Қазақ жерінде ауызекі тілде Арқа деп аталатын Сарыарқа этимологиясы келтірілген деректер негізінде қазақтар мекендеген жердің солтүстігі деп те түсіндіруге болатын сияқты. Өйткені оңтүстіктегі құмдар мен өзен көлдерді мекендеп, қыстап шыққан қазақтар жазда солтүстікте, яғни Арқада өткізген. Осы тұрғыдан алғанда Арқа терминінің қалыптасуын географиялық бағдарлау яғни қазақтардың көшу бағдарларына қатысты қарастыру керек деп қорытынды жасаймын.

Адам мен жануарлар мүшесіндегі ең қажетті де қастерлі болып саналатын орган «Бауыр» сөзінің де географиялық термин ретіндегі мағынасы да қазақтардың мал шаруашылығымен

айналысуының сипаттамасымен анықталды. «Желдерден қорғалған бетпен немесе таудың табаны», «желдерден қорғалған тау алды жазығы» ретінде түсіндірілетін бауырларда қазақтар қыс кездерінде боранды күндері мал баққан.

Қазақ халқының көшпелі өмірі әдет-ғұрпы, мәдени-материалдық жағдайдың ерекше белгілерін айқындайтын географиялық атаулар Қазақстанның топонимдер топтамасында айтарлықтай орын алады. Құрамында үй, үй мүлкіне, киім кешекке қатысты сөздері бар қазақ орфографиялық терминологиясын ұқсату, теңеу арқылы қалыптасқан. Мысалы: Сандық, Кереге, Шаңырақ т.б. атаулар қазақ орфография терминологиясының ұлттық ерекшеліктерін көрсетеді. Мұндай атауларға: Керегетас, Сандықтас, Қакпақтас, Босаға, Шаңырақты, Қазанауыз [3, б. 128].

Ерте кездердің өзінде қоршаған ортаны қорғауға байланысты Түркі халықтарының табиғатпен өзара қарым-қатынасын әр түрлі діни сенім-нанымдармен түсініктерде бейнеленген табиғатты құрметтеу, оны пір тұтудан айқын көрінеді. Мұның негізінде табиғатты қорғауға бағытталған іс-шараларға жатқызып байқауға болады. Қазақ халқы ежелгі түркілерден туған жерді яғни атамекенді құрметтеу дәстүрін еншіледі.

Географиялық нысандарды «қасиетті», «әулие» деп жариялап ғасырлар бойы қазақ жеріндегі орман қорын, өзен-көлді, таулы аймақтардың табиғи қорларын, ежелгі тарихи-археологиялық ескерткіштерді қорғауға алып, бүлдірмей ұстады. Мысалы: Орталық Қазақстанда Ақтоғайдағы Бегазы Дәндібай қорымы, Ұлытаудағы Әулиетау, Балхаш өңірінде Бектауата үңгірлері және т.б көптеген нысандарды айтуға болады. Халықты осы мақсатта тәрбиелеп, «ата», «әулие» атын беруі нәтижесінде әсем табиғатты ғасырлар бойы сақтаған.

Қазақ географиялық терминологиясында аса үлкен көлемдегі «оба» терминімен байланысты топонимдер тобы кездеседі. Орталық Қазақстан аймағында біз осы терминмен байланысты мынадай: Тасоба, Бесоба, Қособа, Сарыоба, Обалы, Обаған және т.б. тарихи атаулар кездеседі. Оған зерттеуші ғалым Ғ. Қ. Қонқашбаев мынадай анықтама береді. «Оба» ол биік жерлерде, кейде жазықтықта үйілген көптеген тастардың жиынтығы яғни оба монғол тілінде овоо, обо-оларша қорған биік таулар және жазықтарда үйілген тас деген мағынаны білдіреді дейді.

Біз зерттеп отырған Орталық Қазақстан аймағындағы географиялық геотопонимдердің қалыптасуы мен орнығуына сол кезеңдердегі қазақ халқының көшпенді өмірі, тарихи оқиғалар, табиғи жағдайлары мен әлеуметтік тұрмыс, тіршілік, шаруашылық факторлары тікелей әсер еткені даусыз. Жергілікті жерлер атауларында кездесетін «мола» сөзі де халықтың жергілікті жердегі табиғат нысандарын қорғауға бағытталған әрекетінің нәтижесі болып табылады. Бұл тұрғыдан Ш.Уәлиханов еңбектерінде көптеп жазылады. Қазақ тұрмысының бұл тілсіз ескерткіштері тарихи тұрғыдан гөрі географиялық жағынан анағұрлым маңызды. Қазақтардың дәстүрлі мәдениетіндегі аруақтарды құрметтеу, олардың «тыныштығын бұзбау» сияқты сенім-нанымдар негізінде «мола» аталған жерлер қасиетті деп танылған. Сондықтан айналасындағы аумақтан белгілі бір ерекшеліктері арқылы ажыратылатын жерлердің аттарында (Ақмола, Қумола, Қарамола, Молалы, Қызылмола, Маймақмола және т.б.) «мола» сөзі кездеседі [4, б. 176].

Талай ғасырлық тәжірибеден туындаған шаруашылықтың басқару тәсілі жайылымдарды маусымға қарай пайдалану тәртібін қалыптастырды. Тозған жайылым, өрістерді әр мезгіл сайын ауыстыру, әр түрлі мал шаруашылығының экологиялық сипат негізінде қалыптасқанын көрсетеді. Қазақтардың көшпелі мал шаруашылығымен шұғылдануға байланысты сол кездердің өзінде қоныс, жайлау, қыстау, күздеу, құдық, қора, қотан, қос, ашық және т.б. атауларды білдіретін топонимдер пайда болды. Орталық Қазақстан аймағы топонимиясында бірқатар терминдер осы атаулармен байланысты берілген.


Мал шаруашылығымен айналысқан қазақтар таулы, далалы өңірде қой, ешкі, жылқы, түйе, сиыр өсірді. Бұл төрт түлік мал жылдың төрт маусымында табиғи жайылымдарда бағылды. Мұның өзі кең өріс-қоныс болуын, шөптің майсалығымен, судың тұнығын таңдап, көшіп-қонуды талап етті. Тау алды жазықтықтары мен биік жазықтар аттарында «дала» термині жиі кездеседі. (Бетпақдала, Жусандала, Қоңырдала, Ақдала). Бұл заңдылықты халықтың тау мен жазықтықтың арасындағы жер бедерінің айырмашылықтарын нақты көрсету мақсатын көздеуімен түсіндіреміз.

Қазақ халқының ертеден мал шаруашылығымен айналысуының нәтижесінде туындаған мәселелерді айтып отырудың нәтижесінде ұрпақтан ұрпаққа жеткізу жергілікті табиғат ерекшеліктерін ескеру, ортаға бейімделу тұрғысы, географиялық жағдайлар, табиғатты тиімді пайдалану жүйесі, мал шаруашылығының көшпенді сипаты, маусымдық көші-қон жергілікті топонимдерден маңызды орынды алады. Жаз кезіндегі жайылымдық терминдерге шұбар, көкорай, саз, жон, боз, теріскей, жазық тіркестері берілген. Осыған орай Ақтоғай ауданы жерінде Шұбарөзек, Шұбар, Шұбартау, Ақжарық, Жырық, Жарық елді мекендерінің аталуы да осы тарихи-табиғи факторларға байланысты болса керек.

Тау жыныстарының түсімен тікелей байланысты болып келетін түсті білдіретін атаулар оронимдерде көп жағдайда мәселен: «Қоңыр» термині жайылымдық жерлердің сипатын анықтауда маңызы зор, ол ландшафтық термин ретінде жер су аттарының құрамында жергілікті жердің табиғат ерекшелігінен хабар береді, яғни «қоңыр» термині қолайлы жайылымдық жерлер туралы мәлімет береді. (Қоңырат, Қоңырсу, Жетіқоңыр, Қоңырадыр).

Тәуелсіздік жылдарында егеменді елімізде ата-бабаларымыз мекендеген жерлердің тарихи жер-су аттары, қала, кент атаулары бұрынғы атауларына қайтадан оралуда. Мысалы: Қарағанды облысындағы бұрынғы Кеңестік дәуірлерде өзгерістерге ұшыраған тарихи елді мекендер өз аттарын иеленді, мысалы: Бұқар-Жырау ауданы, Абай ауданы, Қазыбек би ауданы, Ә.Бөкейхан ауылы, Жидебай ауылы, Қараменде ауылы, Сәтбаев қаласы және т.б. Сондықтан осы жылдар аралығында мемлекет тарапынан қолдау көрсету нәтижесінде көптеген елді мекендерге өздерінің тарихи атаулары қайтарылды және кейбір елді мекендердің бірқатарына әр кезеңдердегі қоғам қайраткерлерінің есімдері берілді.

Су тапшылығы байқалатын Орталық Қазақстанның шөлейт және шөлді аймақтарындағы географиялық атаулардың құрамында «бұлақ», «көл», «құдық» терминдерінің жиі кездесетіні байқалады (1 сурет). Су қорының тапшылығы қазақ халқында суға қатысты терминологияның күшті жіктелуіне себепші болды.



Сурет 1. Орталық Қазақстан гидронимдерінің карта схемасы

Құрғақ климат жағдайында тіршілік ететін басқа халықтарда да осы ерекшеліктер байқалады. Аймақтың жер, су, елді мекен атауларында араб парсы, монғол, түрік, орыс тілдерінен енген сөздер мен қазақтың байырғы ру тайпаларының және адам есімдері жиі кездеседі. Көпшілік атаулар жер, судың өзіндік ерекшелігіне, су көздерінің басты сипаты, табиғатының сұлулығы, суының сапасы, тереңдігі, көлемі және т.б. берілген [8.]

Орталық Қазақстан топонимдерінің жалпы санында 16%-дан астам терминдер су көздерімен байланысты атаулар алады. Құрамы бойынша мұндай терминдерді былайша жіктеуге болады: 1) көлдер және сорлар; 2) өзендер; 3) бұлақтар; 4) құдықтар [5, б. 23].

Орталық Қазақстандағы ұсақ шоқылы жер бедері жазығында тау жыныстарының суда еруіне байланысты көл суларының түстері де айрықша болады. Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданындағы еліміздің бірқатар өңірінде кездесетін «Қусак» сөзі мағынасы кейбір зерттеулерге қарағанда құрғаған («қу») және «саға» дегенді білдіреді. Осы өңірде Сарыала көлінің суы жасыл сары болып келсе, Күрендала көлі қоңырқай-түсті болып келеді. Қазақ халқының табиғаты пайдалану ерекшеліктері дала, шөлейт аймақтардағы көлдердің тұздылық дәрежесін анықтайтын атауларда бейнеленген. Мұны аймақтық көл атаулары терминдерінен анық көреміз. Мысалы: аймақтағы «ашы», «саумал», «тұз», «сор» терминдерімен байланысты көптеген атаулардың кездесуі Ащысу, Сөрті, Тұздықөл, Қарасор, Саумалкөл терминдері көлдердің тұздылық дәрежесін сипаттайтын атауларға берілген. Қазақ гидронимдерінде судың түсіндегі ерекшеліктері де бейнеленеді.

Жер асты суларын пайдалануда неғұрлым кең тараған термин «құдық». Қарағанды облысында мұндай есімдердің жүзден астам түрі бар. Мәселен Майқұдық, Тоғызқұдық, Қамысқұдық, Қарағанқұдық, Жиделіқұдық, Талдықұдық, Тас құдық және оған өсімдіктер мен сан есімдер жұрнағын жалғастырған.

Бұлақпен байланысты терминдер облыс территориясында, әсіресе өзім тұратын өңірінде де көптеп кездеседі. Яғни Қылышбұлақ, Балықтыбұлақ, Майбұлақ, Милыбұлақ, Қайнарбұлақ, Саумалбұлақ, Талдыбұлақ, Ұзынбұлақ, Тасбұлақ, Айнабұлақ. Мәселен: Қайнарбұлақ атауын жер

асты қысымымен көтерілсе, былай қарағанда бұркылдап қайнап жатқан суға ұқсауына байланысты атаған болса керек. Дала және шөлейт белдемдердегі өзендер көктемде күшті қарқынмен тасып, жылдың басқа мерзімінде суы тапшы болады. Сондықтан Ақтоғай өңіріндегі «Тоқырауын», Еспе өзендерінің атаулары да осындай мағынаны білдірсе керек па деп ойлаймын.

Географиялық білім көзі осы топонимикалық түсініктерге негізделініп, топонимикалық принцип негізінде құрылуға тиісті. Сондықтан Орталық Қазақстан аймағы топонимикасын оқып-зерттей отыра мынадай қорытындыға келдік. Қандайда бір өңірдің, аймақтың, елдің топонимикасын оқып зерттеу, аймақтың табиғат ерекшеліктері, халықтың мәдени тұрмыстық іс-әрекеті, қоғамдық өмірі адамдардың табиғи ортамен іс-әрекетінің салдарынан тілдің дамуы арқылы тарихи мәліметтермен байланыстылығын ашып көрсетуінен деп есептеймін. Мектептегі өлкетану аса ауқымды көлемдегі мәселелерді қамтиды. Өлкетану жұмыстарында маңызды орынды топонимика иеленеді. Болашақ география мұғаліміне өлкетану жұмыстарын жүргізуде топонимикалық білім жүйесі екі мақсатта керек, біріншіден географиялық атауларға талдау жасау, сол жерден өткен кезеңдерде қалыптасқан халықтың тарихи, шаруашылық даму ерекшеліктерін сипаттауда керек болса, екіншіден сабақта географиялық нысананың себеп-салдар байланыстарын терең түсіну үшін, оқушыларды жергілікті жердің өткен кезеңдердегі тарихи атаулары мен қазіргі аталуы зор қызығушылық тудырады. Сондықтан географиялық атауларды пайдалануда танымдық және педагогикалық аспектілері ерекшеленеді. Аймақтың топонимиясының қалыптасуында халықтық географиялық терминдердің орны басым, алайда аймақтың жер, су, елді мекен атауларында араб-парсы, моңғол, түрік, орыс тілдерінен енген сөздер әліде болса кездеседі. Сондықтан сабақ үрдістерінде жергілікті топонимикалық білімді орнықтырғанда оның тарихи әлеуметтік жағдайларымен қалыптасқанын түсіндіру керек. Ол жерлердің балама атауларын да оқушылар санасына кіргізе отырып, жергілікті топонимикалық білім жүйесін дамыту барысында, оқушыларды сабақ үрдісінде елжандылық сезімге тәрбиелеп және география пәніне деген қызығушылығын арттыруда үлкен маңызы бар деп есептеймін. Қорыта келгенде, қазақ топонимдерінде Орталық Қазақстандағы жер су атауларының географиялық принциптерімен тарихи туындау себептерін зерттеу нәтижесінде өңірдегі табиғат нысандары мен жағдайларының бейнелеуін географиялық және геоэкологиялық тұрғыдан анықтауға зор мүмкіндіктер ашылды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Чупахин В.М. Природное районирование Казахстана для целей сельского хозяйства. Алма-Ата. Наука, 1970. с. 260.
2. Исаченко А.Г. Ландшафтану негіздері (оқу құралы). Алматы. Мектеп. 1996. 184 б.
3. Моддагүлов Н. Ландшафтану негіздері және Қазақстанның ландшафт географиясы. Алматы. Рауан, 1994. 128-б.
4. Гелдыева Г.В., Веселова Л.К. Ландшафты Казахстана. Алма-Ата. Ғылым, 1992. с. 176.
5. Мурзаев Э.М. Основные направления топонимических исследований /Принципы топонимики. М., Наука, 1964. с. 23.